


ЖИНАЗ ӨНЕРКӘСІБІ

2021 ж. қаңтар-қыркүйек



44,9

МЛРД. ТЕҢГЕ



114,9%

ФКИ

- Меб. для офисов
- Проч. мебель
- Кух. мебель
- Матрацы

\$4,2 МЛН.



ЭКСПОРТ

Импорт 71,0%


ОТӨ 29,0%

\$313,9 МЛН.



НАРЫҚ

\$222,9 МЛН.




ИМПОРТ

Нарық, экспорт және импорт бйойынша
2021 ж. қаңтар-тамыздағы деректер

ӨҢІРЛЕРДЕГІ ӨНДІРІС, МЛН. ТЕҢГЕ

| | |
|----------------|--------|
| Г.АЛМАТЫ | 20 128 |
| АКМОЛИНСКАЯ | 2623 |
| ПАВЛОДАРСКАЯ | 2617 |
| АЛМАТИНСКАЯ | 2596 |
| ТҮРКЕСТАНСКАЯ | 2424 |
| КАРАГАНДИНСКАЯ | 2266 |
| Г.ШЫМКЕНТ | 1811 |
| КОСТАНАЙСКАЯ | 1743 |
| ВКО | 1679 |
| ЗКО | 1667 |
| Г.НҮР-СУЛТАН | 1545 |
| СКО | 1283 |
| АКТЮБИНСКАЯ | 962 |
| ЖАМБЫЛСКАЯ | 586 |
| АТЫРАУСКАЯ | 420 |
| МАНГИСТАУСКАЯ | 388 |
| КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ | 120 |



2021 жылғы қаңтар-қыркүйектегі жиһаз өнеркәсібі

Жиһаз өнімі өндірісінің көлемі 2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте 44,9 млрд. теңгені құрады, бұл, номиналды көріністе 2020 жылғы тиісті кезеңдегі көрсеткіштен 16,5 млрд. теңгеге жоғары. Сала ФКИ есепті кезеңде едәуір өсті және 114,9% құрады.

ФКИ өсуі саланың барлық секторларында қамтамасыз етілген. Бұл ретте, өндіріс көлемінің ең жоғары өсуі сауда кеңселері мен кәсіпорындарына арналған жиһаз өндірісінде (1,4 есе) және басқа да жиһаз өндірісінде (1,4 есе) байқалады.

2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте заттай көріністе кеңсеге арналған ағаш жиһаз (1,6 есе), негізінен металл каркасты арнайы отыруға арналған жиһаз (1,5 есе) өндірісі көлемінің елеулі өскендігі байқалады, бұл, саланың жалпы даму көрсеткіштерінің өсу қарқынына айтарлықтай әсер етті.

Сонымен қатар, ас бөлме мен қонақ бөлмеге арналған ағаш жиһаз – 27,3%, ас үйге арналған жиһаз - 9,2%, жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаз (керует пен шкафтан басқа – 7,6% өндіріс көлемінің төмендеуіне жол берілді.

Аумақтық кесінде жиһаз компаниялары еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан. Сонымен қатар, еліміздің жиһаз өнімі көлемінің жартысына жуығы Алматы қ. (44,9%) өндіріледі.

Жиһаз өнімдерін **тұтынудың ішкі нарығы** 2021 жылғы қаңтар-тамыз қорытындысы бойынша **313,9 млн. АҚШ долл.** (133,2 млрд. теңге) құрады, бұл, 2020 жылғы тиісті кезеңкөрсеткішінен 98,3 млн. АҚШ долл. жоғары.

Сонымен қатар, ішкі нарықта отандық тауар өндірушілер өнімінің үлесі 1,8 пайыздық тармаққа өсті және 29,0% құрады.

Бұл ретте, жалпы тұтыну көлеміндегі импорттық жиһаз өнімінің үлес салмағы 1,8 пайыздық тармаққа төмендеді және 71,0% құрады.

COVID-19 күрес бойынша карантин шараларын жеңілдету жағдайында **отандық компаниялар дағдарыс жағдайында ішкі жиһаз нарығының жоғалтқан үлесін қалпына келтіре бастағандығын** атап өткен жөн.

Жиһаз өнімі экспортының көлемі 2021 жылғы қаңтар-тамызда 2020 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ақшалай көріністе 1,6 есеге өсті және 4161,0 мың АҚШ долл. құрады, ал, заттай көріністе тиісінше 4,3 есе және 4,9 мың тонна.

Ағымдағы жылы жиһаз өнімі экспорты көлемінің өсуіне отандық жиһаз өнеркәсібі өнімі өндірісі көлемінің өсуі және көрші елдерде жиһаз өніміне сұраныстың артуы ықпал етті.

Сала экспортының тауарлық құрылымында негізгі көлемді пластмассадан жасалған жиһаз (жапы экспорт көлемінен 32,5% немесе 1,4 млн. АҚШ долл.), басқа да метал жиһаз (14,7% немесе 613 мың АҚШ долл.) және басқа да ағаш жиһаз (11,1% немесе 464 мың АҚШ долл.) құрайды.

Жиһаз өнімі экспортының негізгі көлемі Өзбекстанға (экспорттың жалпы көлемінен 30,1% немесе 1253,1 мың АҚШ долл.), Ресейге (22,3% немесе 927,1 мың АҚШ долл.), Қырғызстанға (18,7% немесе 776,2 мың АҚШ

долл.), Арменияға (8,0% немесе 332,8 мың АҚШ долл.) және Тәжікстанға (5,7% немесе 239,0 мың АҚШ долл.) жіберілді.

Жиһаз өнімі импортының көлемі 2021 жылғы қаңтар-тамызда ақшалай көріністе 2020 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 42,1% өсті және 222,9 млн. АҚШ долл. құрады, ал, заттай көріністе тиісінше 39,4% және 86,7 мың т.

Жиһаз саласының негізгі импортталатын өнімі ағаш жиһаз (57,6 млн. АҚШ долл. немесе жалпы импорт көлемінен 25,9%), жатын бөлмеге арналған жиһаз сияқты ағаш жиһаз (31,7 млн. АҚШ долл. немесе 14,2%), ағаш қаркасты отыруға арналған қапталған жиһаз (23,8 млн. АҚШ долл. немесе 10,4%), басқа да металл жиһаз (18,0 млн. АҚШ долл. немесе 8,1%), металл, ағаш, басқа да материалдардан жасалған жиһаз бөлшектері (14,3 млн. АҚШ долл. немесе 6,4%).

Импортталатын жиһаз өнімінің негізгі көлемі Ресейден (105,7 млн. АҚШ долл. немесе жалпы импорт көлемінен 47,4%), Түркиядан (28,3 млн. АҚШ долл. немесе 12,7%), Беларусьядан (25,7 млн. АҚШ долл. немесе 11,5%), Қытайдан (19,1 млн. АҚШ долл. немесе 8,6%) және Италиядан (13,1 млн. АҚШ долл. немесе 5,9%) келеді.

Талдау жиһаз импортының көлемі Қазақстанда бұрынғыдай жоғары деңгейде еендігін көрсетеді. **2021 жылғы қаңтар-тамызда жиһаз импортының көлемі оның экспорт көлемінен 54 есеге артық.**